

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 239 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 5 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4982 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2014 № 178 (01.07.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4157 тіркелген) Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттік Басқармасының "Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы N 43 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы 2006 жылғы 27 қазандағы N 231 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4465 тіркелген), "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне ипотекалық ұйымдардың қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 25 маусымдағы N 189 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4872 тіркелген) қаулыларымен енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен өзгеріс мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Ипотекалық ұйымдардың есеп беру ережесінде :

2-тармақтың 2) тармақшасында "2 және 3-қосымшаларына" деген сөздер мен цифрлар "2, 3, 5-7-қосымшаларына" деген сөзбен мен цифрларға ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (М.С. Бөбеев):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, ипотекалық ұйымдарға жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға